

**Ю. Журабаева, 1-курс**  
**Ғылыми жетекшісі: П. К. Әбілқас, мемлекеттік-құқықтық пәндер**  
**кафедрасының оқытушысы, заң магистрі**  
**(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды**  
**академиясы)**

## **БАЛА ҚҰҚЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Адам құқықтары негізінен адамгершілік ұғымы аясында қалыптасады. Адам құқықтарын халқаралық деңгейде қамтамасыз ету мақсатында алғаш рет 1945 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) Хартиясын қабылдады, ал бала құқықтары қамтамасыз ету үшін 1989 жылы қабылданған Бала Құқықтарының Конвенциясы қабылданды<sup>1</sup>.

Жоғарыда айтылған нормативтік актіге сәйкес, «бала» сөзіне тарихи кезеңмен әлеуметтік ахуалға байланысты өзгертін қоғамдық ұйымға байланысты әлеуметтік өнім деген тұжырымдама береді. Осы нормативтік актіге сәйкес бала құқықтарының келесі түрлері анықталған: жеке басының құқығы (7-8-баптар); өзіндік пікір білдіру еркіндігі (13-бап); ойлау, ар-намыс, діни-наным еркіндігі (14-бап), ақпарат алу құқығы (17-бап), азаптауларға тыйым салу (38-бап), білім алу (28, 29, 31-баптар)<sup>2</sup>.

Жоғарыда айтылған Конвенцияда қамтылған нормалар ҚР-ның НҚА-де де өз көрінісін тапты. Мысалы: 2002 жылғы 8 тамызындағы «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының заңы<sup>3</sup> атап өтуге болады. Осы Заң балаларды қоғамдағы толымды өмірге даярлау, олардың қоғамдық және шығармашылық белсенділігін дамыту, әлемдік өркениеттің жалпы адамзатқа тән құндылықтары қалыптастыру негізінде оларды жоғары мамандылық қасиеттерге тәрбиелеу ҚР Конституциясында кепілдік береді.

Қазіргі таңда адам саудасы, оның ішінде бала саудасы мәселесі бүкіл әлемді дүр сілкіндіріп тұрған мәселе болып табылады. БҰҰ Бала саудасы туралы факультативті Хаттамасында (БСФХ) 2-бап тармақшасында бала саудасының мынадай анықтамасы келтірілген: «Бала саудасы баланы қандай да бір тұлғамен немесе қандай да бір тұлғалар тобымен өзге тұлғаларға немесе тұлғалар тобына сыйақы немесе басқа да төлем табыстайтын кез келген әрекет немесе мәмілені білдіреді». Сонымен қатар Ұлттар Лигасы 1921 жылы 30 қыркүйекте әйелдер мен балалар саудасына жол бермеу туралы халықаралық конвенциясын қабылдаған болатын. «Бала Саудасы» туралы Палермо хаттамасының (3-бап) айтылғандай «Бала саудасы қанау мақсатында жүзеге асырылатын адамдарды күштеп қорқыту күш көрсету немесе мәжбүрлеудің басқа нысандарын қолдану, ұрлау қиянат жасау, алдау, билігін асыра пайдалану, төлем және сыйақы түрінде тасымалдау, табыстауды білдіреді<sup>4</sup>.

Адам саудасының өсіп келе жатқан жағдайында, біздің еліміздің қолданыстағы қылмыстық заңнамаға аталған құқыққа қарсы әрекет түрі үшін қылмыстық жауапкершілікті көздейтін арнайы құқықтық нормалар енгізілген. Бұған қолданылатын ҚР ҚК-нің 133-бабын айтып өтуге болады. Онда «кәмелетке толмаған адамды сатып алу, сату және пайдалану не азғырып көндіру, тасу, беру, жасыру, сондай-ақ пайдалану мақсатында өзге де әрекеттер жасау мүлкін тәркілеп 5 жылдан 7 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазланады» деп жазылған. Бұл бапқа толықтырулар 2006 жылы 2 наурызда қабылданған заңда енгізілді. Бұл заң осы санаттағы қылмыстар құрамын біліктеу белгілерін едәуір кеңейтіп, оларды жасағандарға санкцияларды қатайта түсті.

Адам құқықтары халықаралық жүйесінің жалпы мақсаты жоғарыда аталған құқықтарды толық қамтамасыз ету болып тыбылады.

БСФХ-ның 8-бабына сәйкес, құрбан болған балалар әдетте өздеріне қарсы жасалған қылмыстық куәгерлері де болып табылады, жиі жағдайда жалғыз куәгерлері де болып табылады. Онда куәгер бала сот үдерісі, жалпы істің жүргізілу кезеңдерінде өз ой-пікірін үрей—қорқынышсыз айту мүмкіндігін қамтамасыз ету керек екендігі туралы айтылған.

Заң ғылымдарының кандидаты М. С. Башимов «адам құқықтары мен бостандықтарын қадағалауда басты рөлді Омбудсмен институты атқарады» дейді. Дүние жүзінде адам құқықтарын қорғайтын Омбудсмен тұлғасы кеңінен тараған. Өсіп келе жатқан ұрпаққа жақсы тәрбие беру мемлекетіміздің басты мақсаты болып табылады. Яғни мемлекетіміздің өсіп өркендеуінде балалардың құқықтарының сақталуына көңіл бөлу басты іс болып табылады.

Жалпы біздің мемлекетімізде адам құқықтарын қорғайтын Омбудсмен лауазымы бар. Ал біз болсақ дәл осындай институтты балалар құқықтарын қорғауға қажетті енгізу керек деп ойлаймыз. Қорытындылай кетсем, барлық жағдайда балалар құқығын қорғауды жүзеге асыруда заңдар мен тәжірибелерді негізге алу қажет.

<sup>1</sup> <http://www.un.org/ru/documents/bylaws/>

<sup>2</sup> «Бала құқығы саласында білім беруге арналған нұсқаулық пен ресурстар». — Алматы, 2013. — 18-41-б.

<sup>3</sup> [http://adiJet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345\\_](http://adiJet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345_)

<sup>4</sup> <http://www.un.org/ru/documents/bylaws/>